

# Паспорт образовательной программы

## Дата регистрации в Реестре

2022.07.07 12:31

## Регистрационный номер

16645

## Дата обновления паспорта ОП:

2022.07.07 12:31

## Код и наименование специальности:

07320100 Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану

## Код и наименование квалификации/квалификаций:

3W07320104 Кең бейінді құрылыс жұмыстарының шебері

## Регион:

Ақтөбе облысы

## Организация ТИППО (Разработчик):

" Алға индустриялық - техникалық колледжі" МКҚК

## Партнеры-разработчики:

Алға аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі

## Цель ОП:

Құрылыс объектілерін салу, пайдалану және қайта жаңарту кезінде технологиялық процестерді орындау, құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау, ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану, жөндеу және қайта жаңарту кезінде құрылымдық бөлімшелердің жұмысын ұйымдастыра білетін қабілетті мамандар даярлау.

## Уровень по НРК:

3

## Уровень по ОРК:

3

## Профессиональный стандарт (при наличии):

" Тұрғын және тұрғын емес ғимараттар құрылысы", Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 344 бұйрығына № 4 қосымша

## Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

" Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары" (21 Plastering and Drywall Systems), " Сырлау және сәндік жұмыстары" (22 Painting and Decorating), тас өңдеу ісі(08 Architectural Stonemasonry), " Тақтайша қаптау" (12 Wall and Floor Tiling), ағаш ұстасы (25 Joinery), " Ағаш ұстасы" (26 Carpentry), " Бетон құрылыс жұмыстары" (46 Concrete Construction Work)

## Форма обучения:

күндізгі

**База образования:**

негізгі орта білім

**Язык обучения:**

мемлекеттік

**Общий объем кредитов:**

180

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**

02.04.2022 ж.

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

№ 12016325

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

№ 002

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**

30.12.2020 ж.

**Отличительные особенности ОП:**

-

**Сведения о содержании модулей/дисциплин:**

№ модуля/дисциплины	Результаты	
	Наименование	Объем
	обучения/Краткое описание дисциплины	кредитов/часов
ЖБП 1. Математика	Қазіргі замандағы қоғамда өзін еркін сезінуге адамға қажетті ойлау қасиеттерін қалыптастыру арқылы білім алушылардың зияткерлік деңгейін дамыту; практикалық іс-әрекеттерде қолдануда, басқа пәндерді үйренуде, білім алуды жалғастыруда қажетті математикалық білімді меңгеру.	8/192
ЖБП 2. Информатика	Білім алушылардың оқуы мен жұмысында компьютерлік технологияларды пайдалану дағдыларын қамтамасыз ету болып табылады. Білім алушыларға пайдалану үшін ең жақсы қосымшаларды анықтау барысында саналы түрде таңдау	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	жасау мүмкіндігі берілу керек. Бағдарламаның басқа мақсаты білім алушыларға ақпараттық технологияларды пайдалану саласында терең білім беруді және бағдарламалық құралдар ғылыми, коммерциялық, инженерлік және мәдени дамуды қолдау үшін пайдаланылатынын түсіндіруді қамтамасыз ету болып табылады.	
ЖБП 3. Қазақ тілі	Ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға алыптастыру, сондай - ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.	3/72
ЖБП 4. Қазақ әдебиеті	Білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады.	3/72
ЖБП 5. Орыс тілі және әдебиеті	Өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге дайын адамның рухани құндылықтарын қалыптастыру, шығарманың әлеуметтік-тарихи және рухани-эстетикалық аспектілерін ескере отырып, идеялық-көркемдік мазмұнын талдай алатын сауатты, сыни тұрғыдан ойлайтын оқырманды тәрбиелеу.	4/96
ЖБП 6. Шетел тілі	Білім алушылар контекстен бейтаныс лексикадан тұратын	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	көркем әдебиеттің кең ауқымын түсіну, тиісті деңгейде еркін сөйлеу, дәлдік, сөз екпіні, интонация және формальдылық, гипотеза бойынша құрдастарымен өзара әрекеттесу және ағылшын тілін колледжде және одан тыс жерлерде қолдануға үміттенетін оқушылар үшін пайдалы пікірлер, түсініктемелер және жауаптар беруді қалыптастыру.	
ЖБП 7. Қазақстан тарихы	Отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.	4/96
ЖБП 8. Өзін-өзі тану	Ойы, сөзі және ісі бірлікте көрінетін адами кемелденудің өркендеуіне жағдай жасау арқылы әр білім алушының өзіндік рухани-адамгершілік болмысының және шығармашылық әлеуетінің ашылуына септігін тигізу.	2/48
ЖБП 9. Дене шынықтыру	Білім алушыларды жеке және жас ерекшеліктерін ескере отыра, өз физикалық және психикалық денсаулықтарын нығайтуға ынталандыру, бойда қалыптасқан арнайы спорттық дағдылар мен сапаларды қолданып, сол арқылы олардың дене қабілеттерінің дамуларына ықпал ету.	5\120
ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы	4/96

<b>Результаты</b>		
<b>Наименование № модуля/дисциплины</b>	<b>обучения/Краткое описание дисциплины</b>	<b>Объем кредитов/часов</b>
	Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту.	
ЖБП 11. Физика	Білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру.	6/144
ЖБП 12. Химия	Білім алушыларға зат және олардың айналымы, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін ұсыну, білім алушыларға химиялық үдерістердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсініп, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға, ақпаратты сыни бағалауға және шешім қабылдауға мүмкіндік беру.	6/144
ЖБП 13. Биология	Білім алушыларға тіршіліктің әртүрлі деңгейлерінің дамуын түсінуді қалыптастыратын практикалық және зерттеу іс-әрекеті арқылы білім алушылардың функционалдық дағдыларын дамытуды қалыптастыру.	3/72
ЖБП 14. География	Білім алушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық,	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау.	
Б М 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	1/24
	ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	1/24
БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	2/48
	ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-портал қызметтерін пайдалану.	2/48
БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	2/48
	ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.	1/24
	ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	1/24
	ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	1/24
	ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	2/48
КМ 1. Қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігін, еңбекті және	ОН 1.1. Еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі, өндірістік санитария, еңбек	1,5/36

Наименование		Результаты	
№ модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов	
	қоршаған ортаны қорғауды сақтау	гигиенасы талаптарын сақтау және құрылыс алаңында болған кезде жеке қорғаныс құралдарын қолдану.	
		ОН 1.2. Құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін жұмыс орнын дайындау.	1/24
		ОН 1.3. Өндірістегі жазатайым оқиға кезінде зардап шеккен адамға алғашқы көмек көрсету.	3/72
	КМ 2. Күрделілігі орташа қабырғаларды кірпіштен және ұсақ блоктардан қалау	ОН 2.1. Қарапайым тас конструкцияларын қалау кезінде материалдарды дайындау, такелаждық жұмыстарды орындау.	1/24
		ОН 2.2. Қарапайым қабырғаларды қалау, бұзу және ылғалоқшаулау жұмыстарын орындау.	1,5/36
		ОН 2.3. Тас құрылымдарының элементтерін орнату.	3/72
		ОН 2.4. Күрделілігі орташа қабырғаларды және тас құрылымдарды қалау және жөндеуді орындау.	3/72
	КМ 3. Күрделілігі орташа арматуралық жұмыстарды орындау	ОН 3.1. Шегенделген құрылымдарды дайындау және жинақтау кезінде дайындық жұмыстарын орындау.	1/24
		ОН 3.2. Қол, электромеханикалық және электр станоктарында арматуралық болатты кесу бойынша жұмыстарды орындау.	1/24
		ОН 3.3. Арматуралық торлар мен жазық қаңқаларды құрастыру және өру үшін қажетті арматураның саны мен түрін анықтау.	1/24
		ОН 3.4. Арматуралық торлар мен жазық арматуралық қаңқаларды жинақтау және өру жұмыстарын орындау.	2/48

<b>Наименование</b>		<b>Результаты</b>	
<b>№ модуля/дисциплины</b>	<b>обучения/Краткое описание дисциплины</b>	<b>Объем кредитов/часов</b>	
	ОН 3.5. Арматураны жеке шыбықтардан, арматуралық торлардан және жазық қаңқалардан орнату.	2/48	
КМ 4. Газ, -электрмен дәнекерлеу жұмыстарын орындау	ОН 4.1. Дәнекерлеу алдында дайындық және құрастыру операцияларын орындау және дәнекерлеуден кейін дәнекерлеу жіктерін тазалау.	6,5/156	
	ОН 4.2. Қолмен электр доғалы, газды, контактілі, электронды-сәулелі, лазерлік дәнекерлеуді орындау.	30,5/732	
КМ 5. Бетондау кезінде қарапайым жұмыстар кешенін орындау	ОН 5.1. Бетондау, бетонға күтім жасау және бетон қоспасын дайындау алдында дайындық жұмыстарын жүргізу.	5/120	
	ОН 5.2. Бетон және темірбетон конструкцияларын бөлшектеу, оларда тесіктер тесу, темірбетон қадалардың бастарын кесу.	6/144	
	ОН 5.3. Бетон қоспасын көлденең жазықтықтарға төсеу.	13/312	
	ОН 5.4. Төселетін қабаттарды, едендердің бетон негіздерін және цемент тегістегіш қабаттарын орнату.	20/480	
Аралық, қорытынды аттестаттау	-	8/192	